

*Нуркина, С.Т.,
қазақ тілі мен әдебиеті мұғалімі,
№ 19, ОМ Қостанай қ., Қазақстан*

АЛАШ ИДЕЯСЫ ЖӘНЕ ТӘУЕЛСІЗ ҚАЗАҚСТАН

XX ғасырдың басындағы қазақ зиялыларын толғандырған мәселелер, елдің елдігін, ұлттың бірлігін, жердің тұтастығын сақтау, халқын өркениетті елдердің қатарына қосу, ол үшін елін отарлық езгіден азат қылып, оқу, өнер-білім, іскерлік жолына салу, ең бастысы дербес мемлекеттігін құру еді. Осы орайда тәуелсіздігіміз үшін күрескен, соған орай кеңестік билік тұсында тоталитарлық жүйенің құрбаны болып, қуғынға ұшыраған, есімдерін, кейінгі ұрпақ санасына біржола ығыстыруға күш салған тұлғаларымыздың тарихы біз үшін абыройлы іс [1, 49 б.]. Азаттық жолындағы қасиетті де қасіретті күрестің тарихын және ұлт мүддесі жолында күрескен қазақ зиялыларының өмірі мен қызметін зерттеп тануға бүгінгі таңда зор мүмкіндік алып отырмыз. Кеңестік тарихнамада Алашорда үкіметі көсемдерінің өмір жолын зерттеуге тыйым салынды, зерттеле қалған күннің өзінде тарихи шындықтан алшақтатылып, бұрмаланып жазылды. Зерттеушілер олардың қызметіне «буржуазияшыл – ұлтшыл», «халық жауы» - деген баға берді [2, 27 б.]. Тәуба, қазір олай емес. Біз бүгінгі таңда ұлт мақтаныштарын, алаш зиялыларын ауыз толтырып айтып, зердесіне жеткізіп зерттеп, олармен қалағанымызша мақтана аламыз. Олай деуімізге себеп – біз Тәуелсіздігімізді алдық. Енді ешкім бізден ешнәрсені тартып ала алмайды. Ендеше еліміз егемен болып, елдігіміз танылып, атымыз шартарапқа таралып жатқан кезімізде, еліміздің өткенін жаңғырту әр азаматтың қасиетті борышы болса керек. Алаш партиясы, Алашорда үкіметі сынды бірнеше жылдық тарихы бар атаулы кезеңдер мен өткен ғасырларымыздың бір бөлімінің басты кейіпкерлерінің бірі, көрнекі қоғам және мемлекет қайраткері, ғұлама ғалым, ұлт-азаттық қозғалысының теориялық негізін салушысы әрі көсемі, қазақтың тұңғыш саяси партиясын ұйымдастырушы, сондай-ақ Алашорда үкіметінің төрағасы, публицист, ғалым, аудармашы – Әлихан Нұрмұхамедұлы Бөкейханов [3, 100 б.].

Әлихан 1866 жылы наурыз айының 5-ші жұлдызында бұрынғы Семей облысы, Қарқаралы уезі, Тоқырауын болысының 7-ші ауылында, яғни Қаратал кеңшарының жеріне қарасты елді-мекенде өмірге келеді. Ол жерге 1992 жылы Ақтоғай аудандық кеңесінің шешімімен Әлихан Нұрмұхамедұлы Бөкейханов есімі беріледі. Әлихан Орта жүз ханы Бөкейдің ұрпағы. Ата-тегі: Бөкей – Батыр – Мырзатай – Нұрмұхамед – Әлихан. Шыңғыс ханның үлкен ұлы Жошыдан тарайтын төре тұқымы. Арғы атасы атақты Сұлтан Барақ. Қазақтың соңғы хандарының бірі – Бөкей осы Сұлтан Барақтың баласы. Бөкейден Батыр, одан Мырзатай, одан Әлиханның әкесі Нұрмұхамед туады. Санкт-Петербурда оқып жүрген кезінде студенттердің саяси, әдеби, экономикалық үйірмелерінің жұмыстарына араласып, студенттік толқуларға қатысады. Оны екі ғасырға жуық Ресей империясының қол астында отырған халқының ауыр тағдыры толғандыра бастайды. Қараңғылық пен надандықтың шырмауында отырған халқына білім мен мәдениет керек екенін ұғады, елдің тұрмысын, мәдениетін, білімін көтеруді өзінің алдына мақсат етіп қояды. Оқуын аяқтап, Омбыға келе салысымен қаланың саяси-әлеуметтік, қоғамдық жұмысына белсене араласады. «Народная свобода» («Халық бостандығы») партиясының қатарына өтіп, өзі қазақ зиялыларымен саяси белсенділерінің арасында осы партияның шағын тобын ұйымдастырады. 1905 жылдан бастап Ресей конституциялық-демократиялық партиясының (кадеттер) мүшесі, оның қазақ бөлімшесін құру мақсатында Оралда, Семейде жиындар өткізеді. Бірнеше жерде атаулы қызметтер атқарған Әлихан Нұрмұхамедұлы бүкіл мағыналы өмірін халқының азаттық алып, еркін ел болуына арнаған. Ол Ресей жергілікті және қалалық қоғам қайраткерлері съезінің делегаты, Ресейдің I Мемлекеттік Думасының және мұсылман халықтары съезінің депутаты, IV Мемлекеттік Думаның мұсылмандары фракциясының Бюро мүшесі болды. Алашорда төрағасы Ә.Бөкейханов «Ақпан төңкерісінен» үлкен үміт күтеді. Бірақ ол үміті ақталмайды. Уақытша үкімет, оның ішінде өзі мүше болып жүрген кадет партиясының көсемдері қазаққа

автономия беруге қарсы болады. Оның үстіне олармен жер мәселесі жөнінде де ымыраға келе алмайды да, ол бұл партиядан шығып, қазақтан сайланған тоғыз өкілді бастап барып, Томск қаласында Сібір аутономистерінің құрылтайына қатысады. Осында болашақ Сібір республикасының құрамында Қазақ аутономиясы құрылмақ болады. Құрылтайдан оралысымен Әлихан қазақ тарихындағы тұңғыш саяси ұйым Алаш партиясын ұйымдастыруға кіріседі. Артынша, 1917 жылдың желтоқсанында бүкіл қазақтардың құрылтайында Алаш аутономиясы жарияланып, Әлихан алғашқы қазақ республикасының төрағасы (президенті) болып сайланады. 1919 жылы большевиктер өкіметінің бұрынғы Алашордашыларға жасаған кешірімінен кейін Ә.Бөкейханов қалған өмірін ғылыми зерттеушілікке арнады. Бірақ, ұлттық намыстан жұрдай, жалған интернационалист, белсенділердің көрсетуімен ол 1926 жылы екі рет тұтқындалып, түрме азабын тартады. Мәскеуге жер аударылады. Зор беделінен қорыққан большевиктер өкіметі оны Қазақстанға жолатпайды. Онда 10 жыл үй қамауында отырған Әлиханды 1937 жылдың тамызында қайта тұтқындап, бір айдан кейін жалған жаламен 67 жасында Мәскеу қаласында ату жазасына кеседі. Өткен ғасырдың басында жеке ел, мемлекет боламыз деген Алаш зиялылары аңсаған армандарына жете алмай, арманда кетті. Алаш зиялылары тұңғыш ұлттық идея көтеріп, тұңғыш партия, үкімет құрып мемлекеттіліктің алғышарттарын жасап кетті. Алаш және ол дәйектеген ұлттық идеялар өткенімізді нұрландырып қана тұрған жоқ, болашағымызға да сәулесін шашуда [4, 18 б.].

«Қазақ» – «Алаш» деген екі сөзді егіз ұғымдар десек те болады. Олай болса, осы қазақ деген атымызды асқақтату үшін, қазақ атынан тұңғыш партия құру, біздің зиялыларымыздың басты арманы еді. 1917 жылы шілде айында Орынбордағы бүкіл қазақ съезінде қазақтың тұңғыш ұлттық-демократиялық «Алаш» партиясы құрылды. Көп ұзамай 10 тараудан тұратын партия бағдарламасының жобасы жасалып, осы жылдың 21-қарашасында «Қазақ» газетінде бағдарламаның мақсаты мен міндеттері жарияланды. Жасалған бағдарламаның негізгі бағыты: қараңғы қазақ елінің сауатсыздығын жоюға, жалпыға бірдей ақысыз оқыту, мектептер мен медреселер және университеттер ашу, өз ана тілінде оқыту мен тәрбиелеу ісін жүзеге асыру болды. Партия жетекшісі – Ә.Н. Бөкейханов еді. XX ғасырдағы қазақ тарихында терең із қалдырған Алаш партиясының негізгі мақсаты Ресей федерациялық-демократиялық республикасының құрамында қазақ автономиясын құру болды. 1917 жылы желтоқсан айында Орынборда өткен осы партияның съезінде Ә. Бөкейханов – Алашорда үкіметінің төрағасы болып сайланады [5, 3 б.].

Ә.Бөкейханов қазақ тарихы, әдебиеті мен фольклорын зерттеу ісіне де зор үлес қосты. Осы жолда әр түрлі қазақ газеттерінің шығарылуын ұйымдастырып, бірнеше ғылыми еңбектер мен мақалалар жазды. Ол өз еңбектерінде қазақ халқының өткен өмірін, тарихи тағдырын, өз кезеңінің қоғамдық тыныс-тіршілігін терең зерделеді.

«Біз қарап отырсақ, қосақ арасында бос кетеміз. Қазақ жұрты болып бас қамын қылмасақ болатын емес. Есік алдынан дауыл, үй артынан жау келеді. Алаштың баласы ақтабан шұбырынды, алқакөл сұламадан соң екі жүз жылда басына бір қиын іс келеді. Ақсақал – аға, азамат – іні, отбасы араздықты, дауды қой, бірік, жұрт қызметіне кіріс, Алаштың басын қорғауға қам қыл» - деп ел-жұртын алға ұмтылуға жетелеген Әлихандай аға буындарымыздың арқасында бүгінгі күні түнгі ұйқымызды тыныш ұйықтап, әр таңымызды күліп атырып отырмыз. Ендеше, «Әлихан «Алаш» туын тігіп, оның астына қазақ зиялыларын біріктірген, бүкіл өмірін өз ұлтының жарқын болашағы үшін сарп еткен, қара басының қамын өз елінің тағдырынан еш уақытта жоғары қоймаған, қараңғыда қан жылап, қаңғырған күнде басын қазақ тағдырына құрбан қылған азамат» - деп атасақ, бұл біз үшін асып айтқандық болмас еді. Ә. Бөкейханов сияқты қазақ зиялыларының еңбектерін бүгінгі, ертеңгі және болашақ ұрпақтардың рухани асыл қазыналары деп танып, халық арасында тараған естелік әңгімелер арқылы олардың өмірлерінің беймәлім жақтарын зерттеу, біздің міндетіміз. Қазақтың атаулы тұлғалары жайында жазарымыз таусылмасын.

Әдебиет тізімі

1. Алаш қозғалысы. – Алматы, 2004.
2. «Қазақстан тарихы» әдістемелік журналы. – № 8-11. – 2006.
3. Дулатов, М. Оян, казак! – Алматы, 2004.
4. Тарихи тұлғалар. – Алматы, 2006.
5. Қойгелдиев, М.Қ. Алаш қозғалысы. – Алматы, 1995.

*Сакова, Е.И.,
учитель истории,
ГУ «Средняя школа №19 отдела образования
акимата города Костаная»
г. Костанай, Казахстан*

РОЛЬ ПАРТИИ «АЛАШ» В ОБЩЕСТВЕННО-ПОЛИТИЧЕСКОЙ ЖИЗНИ КАЗАХСТАНА

Роль и место партии «Алаш» в общественно-политической жизни Казахстана является актуальной темой для исследования истории страны. Лозунги и критерии, которые были заявлены в то время лидерами партии «Алаш», не утратили своей актуальности, и значимости по сей день [1, р. 172-173].

Изучение этой проблемы было запрещено на протяжении многих лет. После получения независимости нашего государства, мы стали знакомы с творчеством активистов партии «Алаш».

Партия «Алаш» – первая национально-демократическая партия казахов. Формирование партии «Алаш» было инициировано: во-первых, крахом колониальной системы управления царско-имперской Россией в Казахстане, во-вторых, как следствие политического и социального развития казахского народа. Это привело к формированию новых идей. Казахская элита по общественному требованию начала формировать политическую партию в начале XX века, а точнее, 6 августа 1905 года, согласно императорскому манифесту об учреждении Думы, была выдвинута инициатива о создании партии после первой русской революции. В 1905 году в городе Уральске состоялся съезд представителей казахского народа из 5 областей, на котором было принято решение о создании партии по защите прав казахского народа. В начале 1906 года в Семипалатинске прошел второй казахстанский конгресс, на этом съезде была принята программа, которая соответствовала программе Российской Конституционно-демократической партии. Однако из-за того, что политическая ситуация в России складывалась не лучшим образом, эта программа не дала никаких результатов.

В начале XX века, когда казахская элита только начинала политическую борьбу, ее путь развития был похож на путь развития российской кадетской партии. Однако, несмотря на это, основные положения казахской элиты отличались от кадетской партии. Казахская элита в своих убеждениях и программах преследовала цель создания своих законов, также рассматривала запрет на ввоз мигрантов из России, предоставление свободы казахстанским рабочим и работникам, а также создание законов, которые защищали бы их права, в то же время это помогло бы открыть школы, университеты, медресе для казахстанских детей.

Предпосылки для создания политической партии в Казахстане появились только в 1917 году, после Февральской революции в России. В результате Февральской буржуазно-демократической революции, политическая ситуация в России изменилась. После свержения царя в России, вопрос о политической системе не был до конца решен, что привело к созданию Временного правительства. Временное правительство на местах и в Казахстане создало свои собственные органы. На места королевских губернаторов пришли комиссары Временного правительства. Комиссарами были назначены лица из казахстанской либерально-демократической элиты: А. Букейханов – в Тургайской области, М. Тынышбаев